

Балалар музыка мектебі
1-2 сыныптар үшін

Т. Есіркепов

СКРИПКА СЫНЫБЫ БОЙЫНША БАСТАУЫШ МЕКТЕП

Оқу құралы



(Клавир қосымшасымен)

Астана – 2024

Пікір жазғандар

- А.А. Абатова** – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Өнертану мамандығы бойынша доцент.
«Скрипка және альт» кафедрасының профессоры.
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессоры,
Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған мектептің оқытушысы.
- М.Х. Бекмағанбетова** – Қазақстанның еңбек сіңірген артисі,
Қазақ ұлттық өнер университетінің «Скрипка» кафедрасының профессоры.
- А.С. Дуйсенбаев** – Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнер қайраткері,
Қазақ ұлттық өнер университетінің «Скрипка» кафедрасының профессоры.
- Д.Ғ. Курманалинова** – Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының ансамбльдік өнер кафедрасының аға оқытушысы;
Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған мектептің оқытушысы.

Есіркепов Т.И.

- Е 86** Скрипка сыныбы бойынша бастауыш мектеп. (оқу құралы). – Астана: «Булатов А.Ж.» ЖК – 61 б.
Клавир қосымшасы. – 54 б.

ISBN 978-601-326-867-5

Қазақ тілінде жазылған оқу құрал скрипка бөліміндегі балалар музыка мектептерінің төменгі сыныптарына арналған. Ол көркем және нұсқаулық материалдар репертуарлардың жиынтығы: пьесалар мен ансамбльдер, этюдтер, жаттығулар мен гаммалар кешенінен тұрады. Оқулық материалдары скрипканы үйренудегі алғашқы қадамдарына, әр түрлі штрихтарды меңгеру, интонациялау дағдыларын дамытуға бағытталған.

Көркем материалды баяндау кезінде әлемдік шетел классикасы мен заманауи композиторлардың шығармаларымен қатар қазақ әуенінің ладты-гармониялық және интонациялық ерекшеліктеріне негізделген авторлық туындылардың мысалдары келтірілген.

ӘОЖ 78
КБЖ 85.31

ISBN 978-601-326-867-5

© Есіркепов Т.И., 2024

Скрипка аспабы туралы **мәлімет**

Алғашқы скрипкалар Италия мен Францияда XVI ғасырдың басында пайда болды. Көп ұзамай олар бүкіл Еуропаға таралды. Бірақ дыбыс сапасы бойынша ең жақсы скрипкалар сол дәуірде Италия жерінде жаратылған. Бұл ел: Амати, Страдивари, Гварнери және басқа, ең жақсы скрипка шеберлерін әлемге паш етті. Сол аспабтарды жасаудың құпиялары сыр болып сақталып, әлі күнге дейін ашылған жоқ. Әлемнің әйгілі скрипкашылары осы шеберлердің қолымен жасалған аспаптарда әліге дейін ойнайды. Скрипканың кәсіби құрал ретіндегі гүлденуі барокко кезеңіне келді. Көрнекті итальяндық скрипкашы және композитор Николло Паганини жеке аспаб үшін жаратылған әйгілі "24 Каприс" шығармасында аспаптың ең жоғары мүмкіндіктерін көрсетіп білді.

Ішекті аспаптар арасында скрипка ең жоғары регистрде шыр-қалады. Ол симфониялық және камералық оркестрлердің, түрлі ансамбльдердің негізін құрайды. Скрипканың кең мүмкіндіктері арқылы музыканың әртүрлі жанрлар - бұрынғы классикадан бастап қазіргі заман стильдерінде жеке нөмірлер шеберлікпен орындалады.

Көрнекті скрипкашылардың тарихы туралы

Скрипкадағы виртуозды ойынның негізін қалаушы 17 ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген итальяндық композитор және скрипкашы Арканджело Корелли болып

саналады. Скрипка ойынындағы ізашардың жетістік-тері үшін оны "музыкадағы Колумб" деп атайды.

Тағы бір әйгілі скрипкашы, оның есімі бәріне белгілі – Антонио Вивальди (1678-1741). Венецияда Аббат ретінде ол әйгілі композитор, дирижер және скрипкашы болды. Вивальди жаңа музыкалық форма – скрипкалық концерт жасады. Ал оның баршаға танымал туындысы – бұл оркестр-мен скрипкаға арналған "Жыл мезгілдері" атымен тұратын төрт концерттері, және тағы басқа шығармалары.

Тағы бір итальяндық скрипкашы Джузеппе Тартини (1692-1770) скрипка ысқышының қазіргі әдістерін ойлап тауып, оны ұзағырақ етіп, пішінін жақсартты.

XIX ғасырда Еуропаның барлық дерлік елдерінде дарынды скрипкашылардың пайда болуы тән, бұл сол дәуірдегі скрипка музыкасының керемет танымал-дылығымен түсіндірілді. Сонымен, аты аңызға айналған итальяндық скрипкашы Николло Паганини бүкіл жұртты өз шеберлігімен таң қалдырса, Бельгияда әйгілі композитор және скрипкашы Анри Вьетанның (1820-1881) күшімен ұлттық скрипка мектебі құрылды. Оның авторлығында скрипка мен оркестрге арналған жеті концерт, көптеген этюдтер, вариациялар жазылған.

А. Вьетанның әйгілі отандасы Эжен Изан (1858-1931) - ол скрипкашы және композитор ғана емес, сонымен бірге әйгілі дирижер болды. Э. Изан «Паганини тақырыбында вариациялар» және скрипкаға арналған алты керемет концерттерді жазып қалдырды.

Шығыс Еуропа елдерінде дарынды скрипкашылардан польшалық Генрик Венявский (1835-1880) бүкіл Еуропаға танымал болды. Ал орыс скрипка мектебінің негіздерін қалаған венгр скрипкашысы Леопольд Ауэр (1845-1930) болған.

XX ғасырдың ең ұлы скрипкашылары - американдықтар Яша Хейфец (1901-1987) және Иегуди Менухин (1916-1999) керемет атқарушылығымен бүкіл әлемді таң қалдырды. Ал Кеңес Одағында әйгілі скрипкашылары Мәскеу консерваториясының оқытушылары Дэвид

Ойстрах (1908-1974) және Леонид Коган (1924-1983) болды.

XXI ғасырда әйгілі американдық скрипкашы Ицхак Перлман және ресейлік Вадим Репин ерекше көзге түседі.

Қазіргі заманғы қазақстандық скрипка өнерін қайталанбас шеберлігімен әлемді таң қалдыратын скрипкашылар: А. Мұсаходжаева, М. Бисенғалиев және олардың іздерін жалғастыратын талант иелері А. Мурзағалиев, Е. Кулибаев, О. Дүйсен, Р. Турунтаев.



Д. ТАРТИНИ



Д. ВИОТТИ



Н. ПАГАНИНИ



А. ВЬЁТАН



Г. ВЕНЯВСКИЙ



Э. ИЗАИ




Л. АУЭР



Д. ОЙСТРАХ


Скрипканың және ысқыштың құрылымы

Скрипка



1. Жоқарғы қақпа(дека)
2. Төменгі қақпа
3. Қаптал қабықшасы(обечайка)
4. Төбе маңдайшасы
5. Мойын
6. Құлақтары(колоктар)
7. Мойын үстіндегі тақтайша(гриф)
8. Мойын басындағы табалдырықша(порожек)
9. Тиек
10. Үндік ойықтар(эфалар)
11. Ішектердің төменгі қондырма тұтқасы
12. Түйме
13. Иек қоймасы
14. Ішектер

Ысқыш (смычок)



1. Ысқыштың таяқшасы(трость)
2. Қылдар
3. Қылдардың төменгі қондырма тұтқасы(колодка)
4. Бұранда

5. Қылдардың жоғарғы қондырмасы

Ішектердің саз құрылысы



Скрипкада ішектер саны оңнан солға қарап саналады.

I ішек(латынша E) **ми** деп аталады, нота арқылы белгілсі(төменнен санағанда) 4-ші мен 5-ші сызықтар ортасында орналасқан;

II ішек(латынша A) **ля** деп аталады, 2-ші мен 3-ші сызықтар ортасында орналасқан;

III ішек(латынша D) **ре** деп аталады, 1-ші сызықтың астында орналасқан;

IV ішек(латынша G) **соль** деп аталады, төменгі екі қосымша сызықтың астында орналасқан;

**Скрипканы иыққа қою ережелері**

1. Сіз екі аяғыңызға біркелкі сүйеніп, кернеусіз еркін тұруыңыз керек.

2. Скрипка төменгі қақпаның сол жақ иығында (жақ сүйегінде) орналасқан және иектің жеңіл қысымымен жабысады.

3. Скрипканың орналасуы көлденең, жазықтықтың оңға сәл көлбеуі болуы тиіс.

4. Иықтарды көтеруге болмайды. Мойынның ұзындығы бойынша сіз жастықшаны немесе арнайы құрылғыны(мостик) қолдана аласыз

5. Скрипканың мойны сұқ саусақтың негізіне сүйенеді және бас бармаққа аздап сүйеп ұсталады.

6. Бас бармақтың орналасуы шамамен бірінші және екінші саусақтарға қарама-қарсы. Скрипканың мойнын бас бармақтың түбіне және алақанға қоюға болмайды.

7. Білек пен қол шамамен түзу сызық құруы керек. Сол қолдың шынтағы скрипканың төменгі қақпасының ортасында болуы керек. Саусақтар ішекке дөңгелетіп ұшымен қойылуы керек.



Ысқыштағы саусақтардың орналасуы



1. Ысқышты оң қолдың барлық саусақтарымен артық кернеусіз еркін ұстау керек. Бүгілген бас бармақ ысқыштың таяқшасының тұтқасына жақын жайғасады. Қалған саусақтар дөңгелектілген күйде таяқшаға еркін түрде төмендегіше жайғасады:

- сұқ саусақ ортаңғы буынымен;
- ортаңғы саусақ ортаңғы мен үшінші буын бүгілісімен;
- аты жоқ саусақ үшінші буын бүгілісімен;
- шынашақ саусақ ұшымен дөңгелектеніп ысқыштың жоғарыға жүргізу бағытында оны сүйеп тұрады;

2. Саусақтарыңызды бір-біріне қысып, таяқшаны мықтап қыспаңыз.



Ысқыштың қозғалыс нұсқалары



Ысқышты жүргізу:

1. Қозғалысы кезінде оң қолдың жағдайы:

а) төменгі бөлігі - тұтқаға жақын жерде ойнаған кезде оң қолдың білегі сәл бүгілген.

б) ортасында ойнаған кезде қолмен білек бір сызық құрайды;

в) жоғарғы бөлігі - ысқыштың ұшымен ойнаған кезде білек сәл иілгенді;

2. Ашық ішектерде ойнаған кезде назар аударыңыз:

а) дәл тиек пен гриф ортасында, яғни тиекке жол бойлау бағытында;

б) біркелкі, яғни ысқыштың бүкіл бойында бірдей жылдамдықпен;

в) ысқышты қатты баспай, әсіресе төменгі жартысында, тұтқаға жақын ойнаған кезде шынашақ саусақ ұшымен тіреп жүргізіңіз;

г) дыбыс сапасын мұқият тыңдаңыз;

Ноталардың(дыбыстардың) созымдылығы

Музыкалық дыбыстардың белгілі бір созымдылығы бар.


Ең ұзақ созымдылық бұл **бүтін**, (1 – ге, 2 – ге, 3 – ке, 4 – ке саналады), ол таяқшасыз ақ нотамен белгіленеді. Жазылуы  ;

Созымдығы бүтін дыбыстан екі есе қысқасы бұл **жартылай** (1 – ге, 2 – ге саналады), ол ақ нотаның қапталында таяқшасымен белгіленеді. Жазылуы  :

Созымдығы жартылай дыбыстан екі есе қысқасы бұл **ширек** (1 – ге саналады) ол қара нотаның қапталында таяқшасымен белгіленеді. Жазылуы  :

Созымдығы ширек дыбыстан екі есе қысқасы бұл **сегіздік** (1 немесе ге деп саналады). ол қара нотаның қапталында жалаушасы бар таяқшасымен белгіленеді. Жазылуы  ;

Созымдығы сегіздік дыбыстан екі есе қысқасы бұл **оналтылық** (1 санына екі дыбыс ге санына екі дыбыс саналады). ол қара нотаның қапталында екі жалаушасы бар таяқшасымен белгіленеді. Жазылуы .



Тыныстық белгісі


Музыкада дыбыстың үзілістері арнайы созымдылық белгілермен жазылады. Оларда ноталар сияқты: бүтін, жартылай, ширек, сегіздік т.б. болып саналады.

бүтін




(саны 1 – ге, 2 – ге, 3 – ке, 4 – ке)

жартылай




(саны 1 – ге, 2 – ге)

ширек



(саны 1 – ге)

сегіздік



(саны 1 немесе ге)

оналтылық



(1 санына екі дыбыс ге санына екі дыбыс)

Динамикалық реңктер

Бұл музыкалық шығарманы орындау кезіндегі дыбыс күшінің өзгеруі. Динамикалық реңктер қысқартылған белгілер арқылы жазылады:

p(пиано) – сесі тыныш дыбыспен

pp(пианиссимо) – өте тыныш дыбыспен

mp(меццо пиано) – орташа тыныш дыбыспен

f(форте) – сесі қатты дыбыспен

ff(фортиссимо) – өте қатты дыбыспен

mfмеццофорте) – орташа қатты дыбыспен



(крещендо) – дыбыстың күшін арттыру

(диминуэндо) – дыбыстың күшін бәсеңдету

Музыкалық қарқынның(темп) белгілері

Музыкада әр түрлі орындау жылдамдығы(қарқыны) болуы мүмкін. Қажетті қарқыны музыка авторымен анықталып, музыкалық жазбаның басында орнатылады. Италиян тілінде жазылған ең жиі қолданылатын қарқындар:


Largo (лярго) – кең, созылаң
Adagio (адажио) – баяу
Andante (анданте) – асықпай
Moderato (модерато) – орташа
Allegretto (аллегретто) – қызғын
Allegro (аллегро) – тез, жүрдек
Presto (престо) – өте тез

Ашық «ре» және «ля» ішектерінде ойнау **Деташе́ (detaché) тәсілі(штрих)**

Скрипкада дыбыс шығарудың әртүрлі тәсілдерінен(штрихтардан) ең жиі қолданылатыны бұл деташе́ (detaché). Бұл тәсілде, әр дыбыс ысқыштың жеке қозғалысымен орындалады. Төменге бағытта (белгісі - **П**), жоғарыға (**V**) кез-келген дыбыстың қаттылығында (нюанста) кең және толық болуын жеткізу керек. Тәсілдің негізгі сипаттамасы: ысқыштың жоғары және төмен бағытының тегіс өзгеруі және

екпінсіз жұмсақтығы. Сонымен бірге төмен және жоғары бағытта әр дыбыстың нақты басталуына мән берілуі керек.

Деташе́ әр нота үстінде немесе астында көлденең таяқшамен белгіленеді.



Ысқыштың жүргізілуі *ортаңғы, жоғарғы, төменгі* бөлігімен және бүкіл көлемінде ретелуі төмендегідей:



Оның төмен және жоғары қозғалысы кезінде дыбыс сапасын бақылау керек. Таяқшадағы саусақтардың дұрыс орналасуы, бүкіл оң қол-

дың (саусақтардың, шынтақтың, иықтың) бос күйін сезіну тиіс. Саусақтарыңызды босатып, келесі қозғалысқа дайындаңыз.


Төмендегі жаттығулар және музыкалық пьесалар **деташе** тәсілінде ойналады, тыныс кезінде ысқышты ішектен көтеруге болмайды

«Ля» ішегінде

1.



2.



Andante

Кішкентай пьеса

И. Беркович



Серуен

Асықпай


Я. Таргонский



Орташа

Қоян және түлкі


Я. Степовой




Асықпай

Менің досым скрипка

Л.Сигал

«Ре» ішегінде

Ортаңғы бөлігінде (О.Б)



1.



2.




3.



Күзгі жаңбыр

Жайлап

Т.Захарьина



Асықпай

Этюд

Т. Есіркепов





Қызыл сыйыр

Украин халық әні



Ішектердің ауысуы және ысқышты бөлістіруі

Ішектен ішекке ысқыштың өзгерісінде оң қолдың жеңіл бірқалыпты қозғалысымен өтіңіз. Келесі ішекке өту алдында ысқышты ал-

дын-ала дайындап ендігі ішекке жақындату керек. Ішектердің өзгеруін ысқыштың бағытын өзгертумен дәл сәйкес келтіруін қадағалаңыз.



Төменгі бөлігі (Т.Б);


Жоғарғы бөлігі (Ж.Б);

Бүтін бөлігі (Б.Б)

7.



8.




Кірпі туралы ән

Орташа Т. Есіркепов

Қойшы бала

Баяу Л. Сигал



Әженің әні

Асықпай Т.Есіркепов

Оқушы

Оқытушы



Жайлап Тәй-тәй, балам Халық әні

Оқушы

tr

Оқытушы

mf

Асықпай Этюд Т.Есіркепов

Оқушы

tr

Оқытушы



Масаны қуамыз

Тездеу

Т. Есиркепов



Төрт ішек

Жай

Л. Сигал



Сол қолдың бірінші қалпында(позиция) саусақтардың қойылуы

- Саусақтарды ішекке дөңгелетіп қойың.
- Қасындағыларға тигізбей жалғыз бір ішекте басың.
- Саусақтардың тырнақтары тиекке қарай бағытталуы керек.
- Олардың ішекке шамадан тыс қысылуын болдырмаңыз.



Пиццикато

Пиццикато (**pizz**) – бұл ысқыштың көмегінсіз, оң қолдың бас бармағын грифтың ұшына тіреп сұқ саусақпенен ішекті тартып (шымшып) ойнау. Қайтадан ысқышпен ойнауға оралу белгісі - (**arco**)






Саусақтардың сан белгілері:

- Ашық ішек - 0
- Сұқ саусақ – 1
- Ортаңғы саусақ – 2
- Аты жоқ саусақ – 3
- Шынашақ саусақ – 4

Саусақтың ішектерге дұрыс басылуын бақылау үшін төмендегі жаттығуларды алдымен **пиццикато**, кейін **arco** тәсілімен ойнау ұсынылады.

«Ля» ішегінде саусақтар дыбыстар



Ысқышпен жүргізіліуі және сол қол саусақтарының қимылдысы сәйкес келуі тиіс. Үзіліс кезінде ысқыш көтерілмесін.

Дыбыс жоғары бағытқа көтерілу кезінде саусақтар ішектен көтерілмей бір қалыпта қалсын.

Екінші және үшінші саусақтардың арасындағы қашықтық жарты тонға сәйкес келеді, осыған орай оларды бір-біріне жақын қою керек.

Саусақтарды қою барысында дыбыстардың таза болуын(фальш емес) мұқият тыңдап қадағалап тұрған жөн.


- Бірінші саусақ



- Екінші саусақ



- Үшінші саусақ




- Төртінші саусақ



Ендігі жаттығу төртінші саусақтан басталады. Шынашақ саусақты ұшымен көлбейтіп нақты орнықтырған соң, кезекпен үшінші, екінші, бірінші саусақтарды орнықтыру қажет. Оларды төртінші саусақты өзгермейтіндей етіп орналастырыңыз. Осы жағдайда бүкіл қол: щынтақ білек және әсіресе бас бармақ қатты болмауына назар аударыңыз. Бас бармақтың еркіндігін саусақтарыңыз оңды жайғасқан соң әрі-бері қозғап білесіз. Бұл жаттығуды қол әбден үйренгенше қайталау керек.



Бұл белгілер басылған саусақтардың орнында қалдыруын білдіреді



Саусақтарды жақындату белгісі





Скрипкада мен ойнаймын

Шаттанып Т, Есіркепов

Скрипкада мен шаттанып,
Ойнаймын, ойнаймын.
Шырқатылған әндерім,
Әдемі деп ойлаймын.

mf

Этюд

Асықпай Н. Бакланова

mf


Кішкентай вальс

Орташа Т. Захарьина


mf

«Ре» ішегінде

саусақтар дыбыстар




- Бірінші саусақ



- Екінші саусақ



- Үшінші саусақ



- Төртінші саусақ






Әтеш

Асықпай

М, Магиденко



КАК ПОД ГОРКОЙ



Как под горкой, под горой
Торговал старик золой.
Картошка моя,
Вся поджаренная.

Как под горкой, под горой

Жылдам


Орыс хадық әні



Жаяу жүргінші

Қозғалмалы

Балалар әні





Көгершін

Асықпай Украин халық әні

mf

V




Жаңбыр

Орташа Балалар әні

Оқушы *mf*

Оқытушы *pizz.* *arco*

«Ми» ішегінде ойнаған кезде бүкіл қол еркін қозғалады. Саусақтар жылыспай өз орнында болуы тиіс






Скок-поскок

Орташа
pizz.


Т. Захарына



Толғаныс

Andantino

И, Беркович




Мысығым


Орташа

Балалар әні

Үрпек жүн мысығым
Бақшада жүреді,
Сүзеген ылағым
Ізінен ереді.



«Соль» ішегінде ойнаған кезде ысқыштың жүргізілу ыңғайында шынтақ сәл көтеріледі. Ал иықты көтеруге болмайды.





Менің Қазақстаным

Т.Есіркепов

Кен

"Соль" ішекте ойнағанда, шынтақ пен бүкіл қол сәл көтерілген қалыпта болады.

mp

mf

tr

Прелюдия

И.Беркович

Moderato

mf

tr

rit.

Кішкентай полька

Орташа тездікпен

Д. Кабалевский

mf

Ысқышты тоқтатпай қозғалысының бағытын өзгерту.
«Ля» және «Ре» ішектерінде біріктіріп ойнау

Оң қолдың қозғалысы біркелкі, дыбыстар үйлесімді болуымен бірге ысқыштың бағыты дүмпусіз өзгертілуі керек. Бір ішектен екінші

ішекке өтуді қолдың бірқалыпты түсіру немесе көтеру арқылы жүзеге асыру керек. Ішектерді ауыс-тыру кезінде оң қолдың деңгейін бақылаңыз

Реприза белгісі


 - басынан қайталау

 - қайталаудың кейіні

1,



2,



3,



4,



Гамма Ре мажор

Гамма - бұл ізбе-із, төменгіден жоғары деңгейге дейін жүретін дыбыстар қатары. Егер саусақтарыңызды дәл және сенімді түрде орны-

на қойсаңыз, олар тегіс және әдемі дыбысты ойнауды үйренуге көмектеседі

ре ми фа# соль ля си до# ре

Үшдыбыстықтар

Серуен

Оргаша Д. Кабалевский

Аңшы

Жылдам Н. Потоловский

Арқада Бурабайға жер жетпейді,
Басқа жер ойды ондай тербетпейді.
Бурабайдың көлі мен Көкшетауды
Көрмесең, көкіректен шер кетпейді.



Оқжетпестің қиясында

Andantino 6 Танзип Есиркепов


Аллегретто

Тездегіп В.А.Моцарт

Өрмекші және шыбындар

Тез емес Н. Метлов

Гамма Ля мажор



Қазақша әуен





Цирк иттері

Жанды

Е. Тиличеева



Қайрымды диірменші

Көңілді, тез емес


Литва халық әні



Шөжелер

Шаттанып


Т. Есіркепов



Легато(legato) штрихы

Бұл тәсіл ноталардың үстінен немесе астынан белгілермен белгіленеді. Осыған орай ысқыштың төмен немесе жоғары бір қозғалысы кезінде бір немесе бірнеше дыбыс шығарылады. Легатоны ойнаған кезде бір

дыбыстан екінші дыбысқа ауысу икемді және тегіс болуы керек. Лигамен қамтылған тең ұзындықтағы ноталар ысқыштың ұзындығына сай тең бөліктерге бөлінеді.



Жұмбақты тап





Торғай

В. Ребиков



Етікші

өндеген Ан. Александров

Чех халық әні



Этюд

Асықпай

Н. Бакланова



Басынан "соңы" деген сөзге дейін



Жасырынбақ ойыны

Бұл шығарма
үшінші саусақты
нығайту үшін
жазылған.

Тезірек

Т. Есіркепов



Үн екпінді (акцентті) штрихтар

Маркато (marcato) - акцентті деташе. Ысқыштың төмен немесе жоғары жүргізілуінде үн екпінді, айқын басталып кейінгі бағытта ол әлсірейді., Бұл штрих ысқышқа сұқ

саусақпен аздап басу арқылы жасалады. Ысқышты жігерлі түрде жүргізіп, жол-жөнекей қысымды босатып, оның қозғалысын баяулату қажет.

Б.б (бүкіл бөлімінде)



Мартлэ (martele) – бұл үзік штрихта ысқыш тез және батыл түрде жүргізіледі, дыбыс соңына қарай үн қысымы төмендетіледі. Әр үзіліс дыбыстан кейін босатылған

қол келесі әрекетке дайындалады. **Мартлэ** жоғарғы жартысында жиі орындалады, ортасында сирек және төменгі бөлігінде оданда сирек қолдануы мүмкін.

Белгілері:




Стаккато (staccato) - бір бағытта, көбінесе төменнен жоғары, өте қыс-қа үзік-үзік дыбыстарды орындау. Бұл штрихты сапалы орындалуында

ысқыштың жылдамдығы, оның ұзындығы бойынша дұрыс таралуы, сондай-ақ оң қолдың сұқ саусақпен басу күші үлкен мәнге ие.

Мысал:

Этюд





Қазақ батырларына данқ


Т. Есіркепов



Петрушка

Жанды

И. Брамс



Үрпек тауық

Неміс халық әні

Өңдеген Ю. Черепнин



Бірінші және екінші саусақтар арасындағы жартылай тондар
Саусақтардың ішектерде орналасуы

The image shows four staves of musical notation in C major, each with a half-tone interval between the first and second fingers. To the right of each staff is a fingering diagram with four circles numbered 0 to 4. The notes and fingerings are as follows:

Staff	Interval	0	1	2	3	4
1	соль - ре	соль	ля	си ^b	до	ре
2	ре - ля	ре	ми	фа	соль	ля
3	ля - ми	ля	си	до	ре	ми
4	ми - фа [#]	ми	фа [#]	соль	ля	си

Жаттығулар

А. Григорян

Four staves of musical notation for exercises. The first staff is in 4/4 time, the second in 4/4 with a key signature of one sharp (F#), the third in 3/4 with a key signature of one flat (Bb), and the fourth in 3/4 with a key signature of two flats (Bb, Eb). Each staff contains a sequence of notes and rests, with some notes marked with a '4' indicating a fourth finger.

Кішкентай ән

Moderato

Й. Гайдн

Three staves of musical notation for the piece 'Kleines Lied' by J. Haydn. The first staff is in C major, 2/4 time, with a 'mf' dynamic marking. The second and third staves continue the melody and accompaniment, with repeat signs at the end of each staff.



© vokorall.kz

Ескі жыр

Ықыласпен **4** Т. Есіркепов




Кішкентай вальс

Орташа А. Комаровский

2 октавалы Соль мажор (G dur) гаммасы және арпеджиолар



Штрихтар нұсқалары:




Интервалдар

Мүмкіндігінше, белгілер негізінде саусақтар өз орнында сақталынсын.
Әр түрлі штрих нұсқауларымен ойнаған жөн.

Секундалар



Терциялар



Этюд

Батыл

Н. Бакланова




Анашымның мейрамы

Венгр балалар халық әні

Өндеген С. Шальман

Қуанышты



Кішкентай ән

Andantino

Ж. Люлли



Биші қонжықтар

Moderato

Танзип Есиркепов



Әдемі гүл

Асықпай


Л. Бетховен



Ашық ішекпен бірінші, және үшіншімен төртінші саусақтар арасындағы жартылай тондар

Саусақтардың ішектерде орналасуы


«Ля» және «ми» ішектерінің мысалында бірінші саусақтар «си бемоль» және «фа» ноталары табалдырықшаға кері тартылып басылады, ал төртінші саусақ (ми бемоль, си бемоль ноталары) үшіншіге жақын жайғасады. Осындай орналасулар көп жағдайда, жиірек, бемольдік тоналдықтарда кездеседі



2 октавалы Си бемоль мажор (B dur) гаммасы



Арпеджиолар



Гамма және арпеджио әр түрлі штрихтарда ойнау саусақтардың еркіндігін нығайтуға көмектеседі.

2 октавалы Соль минор (g moll)(негізгі түрі) гаммасы және арпеджиолар

Two systems of musical notation for the 2-octave G minor scale and arpeggios. The first system shows the ascending and descending scales in 4/4 time, with fingerings indicated by numbers 0, 4, and 5. The second system shows the ascending and descending arpeggios in 3/4 time, also with fingerings indicated by numbers 0 and 5.

Бесік жыры

Орташа

Ю. Шапорин

Three staves of musical notation for the 'Бесік жыры' (Lullaby) piece. The first staff starts with a tempo marking of 'Орташа' (Moderate) and a time signature of 2/4. The second staff includes dynamic markings of *mp*, *poco rit.*, *rit.*, and *a tempo*. The third staff includes dynamic markings of *p* and *rit.*.

Жұлдызшалар

Жай


В. Калинин

Three staves of musical notation for the 'Жұлдызшалар' (Starry Stars) piece. The first staff starts with a tempo marking of 'Жай' (Ad libitum) and a time signature of 2/4. The second staff includes dynamic markings of *p* and *mf*. The third staff includes dynamic markings of *rit.* and *p*.

Бесік жыры

Жай


Л. Бортнянский



Терезенің үстіндегі құс

Тез емес

Балалар әні



Бесік жыры

Асықпай

Н. Бакланова



Виваче


Жылдам

К. Вебер



2 октавалы Ля минор (a moll) гаммасының әуенді (мелодиялық) түрі және арпеджиолар

Әуенді минор гаммаларында төменгі бағытта негізгі орнына жоғары бағытында VI және VII түсіріледі. сатылар жарты тон жоғарыласа,



Этюд

Асықпай


Г. Манолиу



Мұңды ән


Асықпай

В. Рейман



Жайғасымның (позицияның) өзгеруі

Жайғасым (позиция) - бұл сол қолдың(және саусақтардың) скрипканың грифындағы белгілі бір жеріндегі орны. Сол қолдың бірінші саусағының жайғасымына байланысты үш позицияның схемалық көрінісі:



Жайғасымды өзгерту бүкіл қолдың қозғалысымен жүзеге асырылады.

- Ауысу осы жайғасымның соңғы дыбысын алатын саусақтан басталады;
- Өту кезінде сырғымалы саусақты басу арқылы ішек сезімін жоғалтпау тиіс;
- Ауысу сол қолдың қосалқы қозғалысы арқылы жұмсарады;

Төмен жайғасымдан жоғары позицияға ауысқан кезде, дыбыстың ең соңында сол қолдың алақаны оңай, серпілместен скрипканың мойнына сәл жақындайды.

Жоғары жайғасымдан төмен позицияға ауысқан кезде алақан мойнынан алыстап, бас бармақ төменгі позицияға қарай тартылады.

Біріншіден(I) екінші(II) жайғасымға көшу мысалдары:



Екінші жайғасым (позицияға) ауысу жаттығулары

II жайғасымдағы гаммалар түрлі щтрихтарда:

До мажор

ля минор

Ля мажор

до минор

Ля б мажор

Этюд

А. Григорян

Орташа

Этюд

Орташа

А. Григорян

f *simile*

Штрихтар варианттары:

Күзгі көңіл

Andante

Т. Есіркепов

mf

Көктемгі көңіл-күй

Н. Мясковский

Moderato

1

p

1

2 0 1

Словак халық әні

Б. Барток

Allegro

1

f

f

2

3 0 3 0

0 1 3 0 3 0 3 0

2

Үшінші жайғасым (позиция)

Ре мажор


Ашық ішекті дыбыстау
кезінде бірінші және үшінші
позицияларды ауыстыру.



Соль мажор



До мажор



Оргаша

Этюд

Ф. Рис

Этюд

Оргаша

А. Григорян

Менуэт

Moderato

Г. Гендель

Бірінші мен үшінші жайғасымдардың ауысыулары

Жаттығулар

1. Бір саусақты сырғыту арқылы бірінші және үшінші жайғасымдарды ауыстыру

Сырғыту алдында қолды және білекті жаңа жайғасымға ыңғайластырып жақындатыңыз.



2. Төмен жайласқан саусақтан жоғары жайласқан саусаққа және керісінше жоғарыдан төменге ауысу.




Этюд

өңдеген И. Мациевский

Орташа

Ю. Сулимов



Ұйықта, жаным

Andante tranquillo

Словак халық әні

Пьеса

Molto sostenuto (Өте ұстамды)

Б. Барток

Этюд

Батыл

А. Комаровский

Екі ішекті бірге ойнаған кезде ысқыш бүкіл ұзындығы бойынша екі жолда бір келкі болуы тиісті.

Қос ноталар

The musical score consists of two staves, each with 12 systems of music. The first system is in 4/4 time and features a melody in the upper staff and a bass line in the lower staff. The melody starts with a half note, followed by a quarter note, and then a half note. The bass line starts with a half note, followed by a quarter note, and then a half note. The first system is marked with a *mf* dynamic and a *V* (vibrato) marking. The subsequent systems continue the melody and bass line, with various rests and notes. The score includes repeat signs and a final double bar line. The key signature is one sharp (F#) and the time signature is 4/4.

Этюд

Andante

К. Мострас

mf

соны

Басынан "соны" деген сөзге дейін

Этюд

Орташа

Р. Гофман

mf

mf

f

mf

Мейрам алаңында

Шаттанып

Т. Есіркепов

mf

f

mf

pizz.

f

Концертино

Allegro(Тез)

А. Комаровский

8

f

1

mf

cresc.

0

f

rit.

p

cantabile

2 a tempo

3

f

p

4

2

f

2

Musical score for a piece in G major (one sharp). The score consists of nine staves of music.

Staff 1: Starts with a *mf* dynamic. A *cresc.* marking appears over the middle of the staff.

Staff 2: Starts with a *f* dynamic. A *p* dynamic appears towards the end. A *rit.* marking is placed above the final measure.

Staff 3: Starts with a *f* dynamic. A *5 a tempo* marking is placed above the first measure. A *rit.* marking is placed above the final measure.

Staff 4: Ends with a *p* dynamic.

Staff 5: Starts with a *6* measure rest, followed by a *mf* dynamic.

Staff 6: Ends with a *p* dynamic.

Staff 7: Starts with an *acceler.* marking. A *cresc.* marking appears below the staff.

Staff 8: Starts with a *7 Più mosso (Тездеу)* marking.

Staff 9: Starts with a *rit.* marking. A *8 allargando* marking is placed above the first measure. A *f* dynamic appears below the staff.

Staff 10: Starts with a *ritenuto* marking. A *rit.* marking appears below the staff. The piece concludes with a *ff* dynamic.

Мазмұны

Беркович И. <i>Кішкентай вальс</i>	11
Таргонский Я. <i>Серуен</i>	11
Степовой Я. <i>Қоян және түлкі</i>	11
Сигал Л. <i>Менің досым скрипка</i>	12
Захарьина Т. <i>Күзгі жаңбыр</i>	12
Есіркепов Т. <i>Этюд</i>	12
Украин халық әні. <i>Қызыл сиыр</i>	13
Есіркепов Т. <i>Кірпі туралы ән</i>	14
Сигал Л. <i>Қойшы бала</i>	14
Есіркепов Т. <i>Әженің әні</i>	14
Халық әні. <i>Тәй-тәй балам</i>	15
Есіркепов Т. <i>Этюд</i>	15
Есіркепов Т. <i>Масаны қуамыз</i>	16
Сигал Л. <i>Төрт ішек</i>	16
Есіркепов Т. <i>Скрипкада мен ойнаймын</i>	20
Н. Бакланова. <i>Этюд</i>	20
Захарьина Т. <i>Кішкентай вальс</i>	20
Магиденко М. <i>Әтеш</i>	22
Орыс халық әні. <i>Как под горкой, под горой</i>	22
Балалар әні. <i>Жаяу жүргінші</i>	22
Украин халық әні. <i>Көгершін</i>	23
Балалар әні. <i>Жаңбыр</i>	23
Эрнесакс Г. <i>Паровозла келеміз</i>	24
Есіркепов Т. <i>Айналайын, анашым</i>	24
Захарьина Т. <i>Скок-поскок</i>	26
Беркович И. <i>Толганыс</i>	26
Балалар әні. <i>Мысығым</i>	26
Есіркепов Т. <i>Менің Қазақстаным</i>	28
Беркович И. <i>Прелюдия</i>	28
Кабалевский Д. <i>Кішкентай полька</i>	28
Кабалевский Д. <i>Серуен</i>	30
Потоловский Н. <i>Аңшы</i>	30
Есіркепов Т. <i>Оқжетпестің қиясында</i>	31
Моцарт В. <i>Аллегретто</i>	31
Метлов Н. <i>Өрмекші және шыбындар</i>	31
Есіркепов Т. <i>Қазақша әуен</i>	32
Тиличеева Е. <i>Цирк иттері</i>	33
Литва халық әні. <i>Қайрымды дирменші</i>	33
Есіркепов Т. <i>Шөжелер</i>	34
Есіркепов Т. <i>Жұмбақты тап</i>	35
Ребигов В. <i>Торғай</i>	35
Чех халық әні. <i>Етікші</i>	36

Бакланова Н <i>Этюд</i>	36
Есіркепов Т. <i>Жасырынбақ ойыны</i>	37
Есіркепов Т. <i>Этюд</i>	38
Есіркепов Т. <i>Қазақ батырларына даңқ</i>	38
Брамс И. <i>Петрушка</i>	39
Неміс халық әні, өңд. Черепнин Ю. <i>Үрпек тауық</i>	39
Гайдн Й. <i>Кішкентай ән</i>	40
Есіркепов Т. <i>Ескі жыр</i>	40
Комаровский А. <i>Кішкентай вальс</i>	41
Бакланова Н <i>Этюд</i>	42
Венгр балалар әні, өңд. Шальман С. <i>Анашымның мейрамы</i>	43
Люлли Ж. <i>Кішкентай ән</i>	43
Есіркепов Т. <i>Биші қонжықтар</i>	44
Бетховен Л. <i>Әдемі гүл</i>	44
Шапорин Ю. <i>Бесік жыры</i>	46
Калинников В. <i>Жұлдызшалар</i>	46
Бортнянский Л. <i>Бесік жыры</i>	47
Балалар әні. <i>Терезенің үстіндегі құс</i>	47
Бакланова Н. <i>Бесік жыры</i>	47
Вебер К. <i>Виваче</i>	47
Манолиу Г. <i>Этюд</i>	48
Рейман В. <i>Мұңды ән</i>	48
Григорян А. <i>Этюд</i>	50
Григорян А. <i>Этюд</i>	51
Есіркепов Т. <i>Күзгі көңіл</i>	51
Мяковский Н. <i>Көктемгі көңіл-күй</i>	52
Барток Б. <i>Словак халық әні</i>	52
Рис Ф. <i>Этюд</i>	54
Григорян А. <i>Этюд</i>	54
Гендель Г. <i>Менуэт</i>	54
Сулимов Ю. <i>Этюд</i>	55
Словак халық әні. <i>Ұйықта, жаным</i>	56
Барток Б. <i>Пьеса</i>	56
Комаровский А. <i>Этюд</i>	56
Мострас К. <i>Этюд</i>	58
Гофман Р. <i>Этюд</i>	58
Есіркепов Т. <i>Мейрам алаңында</i>	59
Комаровский А. <i>Концертино</i>	60

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Гарлицкий М, Родионов К, Уткин Ю, Фортунатов К. Хрестоматия для скрипки. - М.: «Музыка» 1990
- 2 Григорян А.Г. Начальная школа игры на скрипке. – М.: «Советский композитор», 1980
- 3 Пархоменко О, Зельдис В. Школа игры на скрипке. – К.: «Музична Украина», 1987
- 4 Шальман С.М. Я буду скрипачом. – Л.: Издательство «Советский композитор», 1987
- 5 Фортунатов К. – Юный скрипач выпуск 1. – М.: Издательство «Советский композитор», 1988
- 6 Фридкин Г. Практическое руководство по музыкальной грамоте. – М.: «МУЗГИЗ», 1960
- 7 Якубовская В. Вверх по ступенькам. – С-П.: Издательство «Композитор . Санкт – Петербург» 2003

Басуға 07.11.2024 жылы қол қойылды
Шартты баспа табағы 8,0 Пішімі 60/84_{1/8}
Таралымы 100 дана
Тапсырыс 0220
«Булатов А.Ж.» жеке кәсіпкер
010000, Астана қ.,
Керей, Жәнібек хандар к-сі, 22-38
Тел.: 87086950105
e-mail: masterpo08@mail.ru